

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЯСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ

¹М.Ө. Насимов, ²А.Ғ. Сабитов

АНДАТПА

Берілген мақалада жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы, дәстүрлі мәдени нормалар мен цифрлық дәуірдегі киберәлеуметтену нәтижесінде қалыптасатын құндылықтар арасындағы күрделі өзара әрекеттесу зерттеледі. Мақалада қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени шарттары жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қандай қиындықтар мен мүмкіндіктер ұсынатыны көрсетіледі. Зерттеу цифрлық ортаның құндылықтарды дамытуға ықпалын зерделеп, киберәлеуметтенудің трансформациялық күш ретіндегі рөлін белгілейді. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар интеграциясын зерттей отырып, мақала азаматтардың осы бәсекелес құндылықтар жүйесіндегі көзқарастар тетіктері туралы түсінік береді. Сондай-ақ көзқарастар, мінез-құлық пен өзін-өзі бағалауды қалыптастырудағы цифрлық ортаның рөлі дәйектеліп, оның өзіндік рефлексия және шешім қабылдау процестеріне әсері айқындалады. Зерттеу барысында диалектикалық салыстырмалы және сандық әдістерге ерекше көңіл бөлінді, бастапқы деректерді жинауға әлеуметтанулық сауалнама негіз болды. Осы пәнаралық зерттеу жұмысы тез өзгеретін мәдени және технологиялық ортада өзін-өзі анықтау динамикасын түсінуге ықпал жасайды. Зерттеу нәтижелері дәстүр мен инновацияның жеке тұлғаға қосарлы әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және цифрлық дәуірдегі өзін-өзі анықтаудың күрделілігі туралы құнды түсініктер қалыптастырады. Авторлар қорытындысына сәйкес, цифрлық ортаның өзін-өзі анықтауға ықпалы және азаматтардың дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре алатын тетіктерін зерттеуді жалғастыруы қажет.

Түйін сөздер: құндылықтар, дәстүрлі құндылықтар, инновациялық құндылықтар, өзін-өзі анықтау қағидалары, киберәлеуметтену, қоғам.

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

² Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Насимов М.Ө.,
nasimov_m@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Насимов М.Ө., Сабитов А.Ғ.
Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар аясындағы тұлғаның өзін-өзі анықтауы // Адам әлемі. – 2025. – №3 (103). – Б. 54-63.

Самоопределение личности в рамках традиционных и инновационных ценностей

Аннотация. В данной статье исследуется сложное взаимодействие между индивидуальным самоопределением, традиционными культурными нормами и формирующимися ценностями, сформированными киберсоциализацией в цифровую эпоху. В ней подчеркивается, как социокультурные условия современного общества представляют как проблемы, так и возможности для формирования личной идентичности. В исследовании изучается влияние цифровой среды на развитие ценностей, подчеркивая роль киберсоциализации как преобразующей силы. Изучая интеграцию традиционных и инновационных ценностей, статья дает представление о механизмах, с помощью которых люди ориентируются в этих конкурирующих системах ценностей. В ней также рассматривается роль цифровой среды в формировании установок, поведения и самооценки, раскрывая их влияние на процессы саморефлексии и принятия решений. В исследовании особое внимание уделялось диалектическим, сравнительным и количественным методам, а социологический опрос лег в основу сбора первичных данных. Данная междисциплинарная работа способствует пониманию динамики самоопределения в быстро меняющихся культурных и технологических условиях. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию двойственного влияния традиций и инноваций на личную идентичность, предлагая ценную информацию о сложностях самоопределения в цифровую эпоху. Согласно заключению авторов, необходимо продолжить изучение влияния цифровой среды на самоопределение и механизмов, с помощью которых граждане могут сочетать традиции и инновации.

Ключевые слова: ценности, традиционные ценности, инновационные ценности, принципы самоопределения, киберсоциализация, общество.

Self-determination of the Personality within the Framework of Traditional and Innovative Values

Abstract. This article explores the complex interplay between individual self-determination, traditional cultural norms, and the emerging values shaped by cybersocialization in the digital age. It highlights how the socio-cultural conditions of contemporary society present both challenges and opportunities for personal identity formation. The study explores the impact of digital environments on the development of values, highlighting the role of cybersocialization as a transformative force. By examining the integration of traditional and innovative values, the article provides insights into the mechanisms through which individuals navigate these competing value systems. It also addresses the role of the digital environment in shaping attitudes, behaviors, and self-concept, revealing their impact on the processes of self-reflection and decision-making. The study emphasized dialectical, comparative, and quantitative methods, and a sociological survey formed the basis for collecting primary data. This interdisciplinary work contributes to understanding the dynamics of self-determination within rapidly changing cultural and technological conditions. The findings contribute to a deeper understanding of the dual influences

of tradition and innovation on personal identity, offering valuable insights into the complexities of navigating self-determination in the digital age. According to the authors' conclusion, it is necessary to continue studying the influence of the digital environment on self-determination and the mechanisms through which citizens can combine tradition and innovation.

Key words: Values, Traditional Values, Innovative Values, Principles of Self-Determination, Cybersocialization, Society.

Кіріспе

Карл Маркстен Дэниел Беллге дейінгі модернизация теоретиктері экономикалық даму терең мәдени өзгерістерді қажет етеді деп дәлелдеді. Макс Вебер мен Сэмюэл Хантингтон мәдени құндылықтардың қоғамға тұрақты және дербес ықпалы бар екенін айтады [1]. Демек, дәстүр мен инновация арасындағы қарым-қатынас мәселесі барлық елдер үшін өзекті болып табылады. Мұның себептері әр елдің қоғамдық құрылысындағы түбегейлі өзгерістердің көптігімен байланысты [2]. Қазақ қоғамдық құрылысы да соңғы бір ғасырда өте маңызды кезеңдерді өткерді. Көшпенділіктен отырықшылыққа көшу барысындағы социализмге өту, ол ыдырағаннан кейінгі демократия, құқықтық мемлекет және нарықтық экономикаға бетбұрыс жасады. Қазіргі демократиялық бетбұрыстарға ең алдымен жаһандану процестері, кейін қарқынды дамып жатқан ақпараттық технологиялар ықпал жасайды.

Е. Stepanova [3] пайымдауынша, әр халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өркениетінің рухани-адамгершілік негізі мына себептермен байланысты: (1) тарихи өткенді түсіндіру және оның дәстүрлі құндылықтар тұжырымдамасындағы орнын талдау; (2) «Батыстың» ұлттық бірегейлікті құрудағы және дәстүрлі құндылықтарды қорғаудағы «жау» ретіндегі рөлін зерттеу; (3) дәстүрлі құндылықтарға қатысты әмбебаптық пен бытыраңқылық арасындағы қарама-қайшылықты қарастыру. Автор әлеуметтік-саяси сынқатерлерге жауап ретінде дәстүрлі құндылықтар тұжырымдамасын беделі бар билік пен дін өкілдері қоғамды идеологиялық нығайту, халықаралық аренада әлеуетті одақтастарды тарту үшін алға тартады деген қорытындыға келеді. Сондықтан қоғамдық пікірталастардағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы күрестің байқалуы тұлғаның өзін-өзі анықтауын іздеу процесіндегі өзекті мәселені көрсетеді.

Біздің дамып келе жатқан әлем сынағында өзін-өзі анықтау қағидасы жарылу қаупі бар «ашытқы» секілді [4]. Мәселені саяси аспектіде қарастырсақ, кейбір елдерде өзін-өзі анықтау аясындағы құндылықтар өзгерістері эволюциялық жолмен, кейде революциялық жолмен жүзеге асады. Алайда, билік арнайы қаулы шығарса да құндылықтар тез өзгере қоймайды. Бұл құндылықтар жүйесі, саяси шынайылық, әлеуметтік инженерия секілді т.б. құбылыстар сақтайтын жиынтықтар ерекшеліктерімен байланысты. Адамдар ділінде сақталған құндылықтар салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, философиялық және көркем еңбектерде көрініс тауып, саяси және

экономикалық шынайылыққа айналады. Кейде бұл қоғамдық санада дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қатар өмір сүруіне әкеледі.

Құндылықтар жүйесі қоғам өмірінде бір-қатар қызметтер атқарады және әлеуметтік өзгерістер кезеңдерінде маңызды рөл иеленеді. Бұл қоғамды тұрақтандыру, мүшелерін дәстүрлі құндылықтар негізінде біріктіруге мүмкіндік береді. Дәстүрлі құндылықтар өзгерістері бірнеше факторлармен байланысты болуы ықтимал: халықтың қалаға жаппай көшуі; этномәдени процестер ерекшеліктері мен даму үрдістері; халықтың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер; қоғам діншілдігінің дәрежесі; ұлттық мәдениетті білу деңгейі; отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы трансформация. Біздің ойымызша, дәстүрлі құндылықтар өзгерістерінің маңыздылық дәрежесі жоғарылаған сайын, осы құндылықты ұстанатын адамдардың мінез-құлқында өзгерістер ұлғаяды. Әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі осы өзгерістер құндылықтар қозғалысына ықпал жасайды.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы, тарихқа, дәстүрлі мәдениетке және оны сақтауға қызығушылық оның қоғамдық-саяси және мәдени үдерістердегі рөлін түсіну шарттарында өзекті болып табылады. Қоғам дамуының ерекшеліктерін қамтамасыз ететін, тұрақтылықты сақтаудың маңызды тетіктері болып табылатын дәстүрлі құндылықтар өзгерістері ерекше талдауды қажет етеді. Халықтың мәдени болмысының сақталуы дәстүрлі құндылықтардың қызмет ету дәрежесіне байланысты. Сондықтан әр қоғамның дәстүрлі құндылықтарындағы өзгерістерді зерттеу осы топтың алдағы даму үрдістерін болжау үшін өзектілігі жоғары пәнаралық сипатты иеленеді.

Қазіргі қоғамдағы ілгерілеудің жоғары қарқыны, дәстүрлі құндылықтардың өзгеріске ұшырауы азаматтардың жаңа шарттарда өз орнын табуды талап етеді. Адам мен қоғамның өзара әрекеттесу сипаттамаларын арттыратын факторлар және олардың әсер ету қарқындылығы үнемі өсіп отыр. Бұл талаптар жеке тұлғаның жаңа ұстанымдарға сәйкес бейімделу жолдарын таңдау және жүзеге асыру міндетін қояды. Қоғамдық өмірдің өзгерген шарттарына сәйкес келетін жаңа жолмен жүру үшін заманауи әлеуметтік ортамен кең қарым-қатынас орнату қажет.

Жалпы алғанда, дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қоғамның мінез-құлқын, рөлін, өзара әрекеттесуін және санасын анықтайтын әлеуметтік институттардың, мәдени нормалар мен идеологиялардың жиынтығы. Заманауи постиндустриалдық қоғам шарттарында біз дәстүрлі және инновациялық құндылықтарымызды қайта қарастыру

қажеттілігіне тап болып отырмыз. Жаңа әлеуметтік және өркениеттік өзгерістер дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың маңызды факторы, әлеуметтік күшке ие қоғамды біріктірудің негізі. Берілген зерттеудің мақсаты - тұлғаның өзін-өзі анықтауы шарттарындағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қалыптасу процесін сипаттау және талдау болып табылады. Зерттеудегі тұлғаның өзін-өзі анықтауы және киберәлеуметтену кеңістігін қарастыру барысында мәдениет, қоғам, құндылықтар, нормалар, дәстүрлер секілді әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың негізгі ұғымдары пайдаланылады. Бұл ұғымдардың әрқайсысы түрлі ғылым салаларының зерттеу пәні және ғылыми ортада кеңінен талқыланып отыр.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қазіргі түсіндірмелерінің мазмұндық негіздері мен алғышарттары ғылымда негізделген бірқатар ұғымдар мен терминдерге ие. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, зерттеу жұмысының негізгі мақсатын мәселе бойынша жүйеленген көзқарастарды негіздеу, дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қазіргі қоғамның дамуы мен әлеуметтік-саяси факторлардың әсерін бағалауға тырысады. Бұл мақсатты жүзеге асыру бірнеше зерттеу міндеттерін талдау мен түсіндіруді қамтиды және ең маңыздылары мыналар деп ойлаймыз:

- заманауи әлеуметтік дамудың тұжырымдамалық пікірлерін дәстүрлі және инновациялық құндылықтар мәселесі төңірегінде жүйелеу;

- постиндустриалдық қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтар мәселесін айқындайтын құбылыстардың мәні мен негізгі өлшемдерінің өркениеттің бүгіні мен келешігін бағалаудағы рөлін дәйектеу;

- қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуының негізгі басымдықтарын айқындай отырып, дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың халыққа ықпал етуі тұрғысында зерттеу;

- мәдениеттің жаһандану жағдайындағы өзгеру динамикасы және қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайындағы тұлғаның өзін-өзі анықтауы шарттарындағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың әдістемелік мәртебесін негіздеу;

- дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды зерттеуді дамытудың үлгілік үрдістерін анықтау және ұғымның пәнаралық сипатын негіздеу;

- дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды әлеуметтік дамуға тән тетіктерін талдау негізінде саяси түсініктемелер ұсыну;

- дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың жекеше әлеуетін ашу арқылы әлеуметтік даму мен технологиялардың рөлін анықтау.

Бұл міндеттерді шешу қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайы аясында тұлғаның өзін-өзі анықтауы және киберәлеуметтену кеңістігінің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалын анықтауды талап етіп отыр. Осы себептерге байланысты

мақаламызда аталмыш мәселелерді тереңірек талдауды жөн санап отырмыз.

Әдіснама

Зерттеуде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар аясындағы тұлғаның өзін-өзі анықтауын дәйектеу мақсатында диалектикалық, салыстырмалы және сандық әдістерге мән беріледі. Бастапқы деректерді жинаудың негізін әлеуметтанулық сауалнама құрады. Онлайн сауалнама (респонденттердің саны: N = 597) 2023 жылдың маусымында өтті. Іріктеме респонденттің жасын, жынысын, елді мекеннің әкімшілік-аумақтық мәртебесін және тұрғылықты жерін ескере отырып, Қазақстанның оңтүстік өңірінің 18 жастан асқан ересек тұрғындарының көзқарастарын анықтау үшін жасалды. Әрбір қатысушы онлайн сауалнаманы өз бетінше толтыруы қажет болды. Зерттеудің негізгі сұрақтары қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайы аясында тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен киберәлеуметтену кеңістігінің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалына қатысты мәселелер болды:

1. Тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуына не әсер етеді?

2. Қандай жағдайда өзіңізді еркін тұлға ретінде сезінесіз?

3. Ақпаратты көбінесе қай жерден аласыз?

4. Дәстүрлі құндылықтар дегеніміз не?

5. Инновациялық құндылықтар дегеніміз не?

6. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі құндылықтар өзгерістерін қалай бағалайсыз?

7. Қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторлар?

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайы аясында тұлғаның өзін-өзі анықтауы

Отаршылдық контекстінде өзін-өзі анықтау отаршыл халықтардың шетелдік езгілерден тәуелсіздікке жету құралы ретінде қарастырылады. Дегенмен, соңғы жылдары өзін-өзі анықтау қағидасы демократия және тиімді басқару секілді ұғымдармен байланысты және мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығы қағидаларын құрметтеу қажеттілігін қуаттайды. Сондықтан қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайы аясында тұлғаның өзін-өзі анықтауы арасында толық шекара бар. Осы пікірге сай, B.-G. Neacsă [5] мақаласында өзін-өзі анықтау парадигмасының өзгерістері қарастырылып, отаршылдықтан кейінгі контексте өзін-өзі анықтау халықтардың өкілді үкіметке ие болу және шешім қабылдауға еркін қатысу құқығы ретінде тек өзінің ішкі бәлемі аясында жүзеге асырылуы тиіс екені баяндалады. Негізінен тұлғаның өзін-өзі анықтауы дербестікті білдіреді және жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси қатынастардағы

ерекшеліктерін анықтайды. Қазіргі қоғамда осы өзін-өзі анықтаудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде танылатын қатысу демократиясының артып келе жатқанын айтқымыз келеді. Өзін-өзі анықтаудың демократия және дұрыс басқарумен байланысы ашық басқару құрылымдары құндылықтарына қарай әлеуметтік-мәдени ауысу шеңберінде өрбиді. Заманауи контексттерде бұл құндылықтар жауапкершілік пен мақтанышқа ұмтылатын азаматтар ұмтылыстарымен үндеседі және белгілі бір шараға тиесілігі мен сәйкестігі сезімін арттырады.

N. Berk пен N. Madmarov [6] зерттеуінде институционалдық сапамен байланысты ықтимал маңызды факторлар анықталады. Ғалымдар тұлғаның өзін-өзі анықтауы мәселесі шеңберінде «Неліктен ұқсас экономикалық және саяси институттар түрлі мәдениеттерде өзгеше қызмет етеді?» сауалына жауап іздейді. Зерттеу барысында ғалымдар мынадай қорытындыға келеді:

- дәстүрдің болмауы алтын институционалдық сапа айнымалысына оң үлес қосатын сенімді маңызды айнымалы болып табылады;

- урбанизация заң үстемдігі, саяси тұрақтылық, дауыс беру құқығы мен есептілік секілді институционалдық сапаның кейбір көрсеткіштеріне күтпеген теріс әсер етеді. Дегенмен, ол елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күреске айтарлықтай үлес қосады;

- экономикалық даму институционалдық сапаның көптеген айнымалыларына көбірек ықпал жасайды;

- білім беру үкімет тиімділігі, саяси тұрақтылық және реттеу сапасына оң әсер еткенмен, заң үстемдігі, дауыс беру құқығы мен есептілікке күтпеген теріс әсер етеді;

- ашықтық сыбайлас жемқорлық пен саяси тұрақтылыққа ғана әсер етеді;

- тәуелді айнымалылар мен тәуелсіз айнымалылар арасында сызықтық қатынас емес, сызықтық емес байланыс бар.

Осы қорытындыларға сәйкес, қоғам дамуының жаһандық сипаты дәстүрлі құндылықтардың инновациялық құндылықтарға айналу өзгерістері серпінін көрсетіп отыр. Дәстүрге сәйкес әлеуметтік даму материалдық және рухани өндіріс саласындағы адам мақсатымен бірге болады. Прогрессивті ойлау индустриалды өмір салтын түбегейлі өзгертеді. Бүгінгі таңда ақпараттық, технологиялық және әлеуметтік-мәдени инновациялар өркениеттік басымдықтарды айқындап, адамзаттың құндылықтарына ықпал жасай бастады.

Заманауи дәстүрлі құндылықтар ауытқуының институционалдық сапасы әлеуметтік дамудың табиғи және мәдени факторларын біріктіре алады деп ойлаймыз. Қоғам мүшелерінің іс-әрекетін инновациялардың дәстүрлерді сақтау тетіктерін бұзбайтындей етіп ұйымдастыру қажет. Мұндай ұйымдастыру жұмыстарын әзірлеу қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени шарттарындағы тұлғаның өзін-өзі анықтау тетіктерін нақты білуді талап

етеді. Сонымен қатар, қоғамдық санаға сәйкес келетін құндылықтар мен әлеуметтік-мәдени көрсеткіштерді түсіндіреді.

Заманауи қоғам дамуының ерекшеліктерінің бірі жаһандану арқылы бірлесу және құндылықтарды постиндустриалдық стандарттарға сай дамыту болып отыр. Индустриалды қоғам материалдық өндірісті дамыту және технологиялар прогресіне назар аударатын болса, постиндустриалды қоғамда технологиялар туындатқан адам өмірінің сапасына назар аударылады. Сондықтан дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың үйлесімді дамуын саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, технологиялық шарттардың жоғары деңгейімен байланысты деп ойлаймыз. Осы тұрғыда әрбір елдің алдында түбегейлі өзгерістерді түсіндіре алатын тиімді әлеуметтік тетіктер мен технологияларды құру мәселесі тұр.

Аталмыш өзгерістер өзектілігі мәселенің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтайтын маңызды факторлар серпіндерінің құндылықтарға әсері өлшемдерін жүйелік ықпалдастығын көздейтін қазіргі қоғамның әлеуметтік дамуын зерттеудің көрінісін анықтап отыр. Құндылықтар қоғамдық санада бұрыннан таныс ауыспалы құрылым ретінде қабылданады. Оның әлеуметтік-саяси процестерге және менталитетке ықпалы жан-жақты болады. Бірақ, қазіргі заманғы өркениеттік қайта құрулар барысындағы құндылықтар өлшемінің мәртебесі әлеуметтік-мәдени өзгерістер нұсқаларының өмір сүру сапасын анықтайтын саяси-философиялық зерттеулермен байланысты. Демек, жаһандану шарттарындағы түбегейлі өзгерістер өмір сапасын танытатын құндылыққа айналады.

Бүгінгі таңдағы өзгерістер шарттарында тұлғаның өзін-өзі анықтауы барысында дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың оңтайлы нысандары мен әдістерін іздестірген жөн. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бірлескен даму келешегін айқындауға қабілетті кешенді түсіндірудің күрделілігі құндылықтардың жан-жақтылығымен сипаттауға болады. Әлеуметтік даму өзгерістерге дайындалу мен бағалауға мүмкіндік береді. Адамзат тарихында құндылықтар талаптарына бейімделу тек дәстүрді қорғау ғана емес, жаңа ресурстарды іздеу арқылы инновациялықты сақтаумен де байланысты. Әлеуметтік дамудың жағымды сипаты қоғамның дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға бейімделу тетіктерінің алуандылыққа негізделетінін көрсетеді. Бірқалыптылыққа қарағанда, құбылмалылық қоғам мінез-құлқының жетекші сипаты. Өйткені құбылмалылық қоғам мүшелерінің өзін-өзі қалпына келтіру мен басқару қабілетін анықтайды.

Біздің түсінігімізше, қоғам тек дәстүршілдікке сүйеніп қана қоймайды, инновациялық дамумен тепе-теңдікті ұстанады. Бұл өркениеттік дамудың серпінділігі, қарқындылығы және өзгермелілігімен байланысты екені анық. Мәселе дәстүрлі құндылықтардың инно-

вациялық құндылықтар бағыты мен тетіктеріне қойылатын негізгі талаптарда болып отыр.

Біріншіден, тұлғаның өзін-өзі анықтауы аясындағы құндылықтар өзгерісі тек ресурстық өлшемдер, материалдық және технологиялық өсім мен экономикалық факторлар ықпалынан тұрмайды. Құндылықтар қоғам дамуының әлеуметтік-саяси және идеологиялық құрамдастарын ескереді. Жаһандық процестер прогрессивті өзгерістердің барлық аймаққа таралуын қамтыса ғана мағыналы және көп қырлы даму жүреді. Жаһандану жағдайындағы өзгеру динамикасы қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек. Қоғамның материалдық және идеологиялық құндылықтары келісіммен жүргізілгенін дұрыс көреміз. Өйткені, әлеуметтік дамудың әрқелкілігі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үйлесімділігінің маңызды шарты.

Екіншіден, тұлғаның өзін-өзі анықтауы әлеуметтік дамудың материалдық, қаржылық, демографиялық және ақпараттық ресурстардың өсімі, қоғамның құндылықтарға кеңістіктік пен құрылымдық ықпалын көрсетеді. Бұл дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қарым-қатынасы арасындағы бағдарды білдіреді. Шынайылыққа тура қарау құндылық заңдылықтарын түсінуді білімге негізделуін қалайды. Әлеуметтік дамудың құрамдастары дәстүрлі және инновациялық құндылықтар негізінде қоғамның прогрессивті дамуын қамтамасыз ететін тетіктер мен технологияларды құрады.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттестігіне назар аудару бізге маңызды және күрделі түсініктемелер беруге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда дәстүрлі құндылықтар өзгерісі процесін Батыс өркениетінен тыс дәстүрлі қоғам мен ескірген әлеуметтік құрылымдар жаңғыруының салдары ретінде қарастыруы қиындыққа әкеледі. Әдетте, Батыстың өзге елдердің қоғамдық өмірінің түрлі салаларына әсерін мәдени өркениетке немесе империализм, дәстүрлі мәдениет дағдарысы деп атап жатады. Бұл сипаттамалар келесі мәселелерді қамтиды деп ойлаймыз: заманауи қоғам өзгерістеріне тән өмір салты мен тұтынушылар сұранысына сай әлеуметтік-мәдени кеңістік; орталықтан қашық шеткі аймақ, провинциялық өңір ұғымдарының жоғалуы және өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандырудың ортақ болуы; қоғамдық қатынастарды тиімді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес келетін инновациялық құндылықтардың әмбебаптылығын бағалау; қоғамда инновациялық құндылықтар мен бағыттардың орнығуына ықпал ететін түсініктерді қалыптастыру.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайы аясында тұлғаның өзін-өзі анықтауын дәйектеу мақсатында жасалған сауалнама нәтижесіне мән берсек. «Тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуына не әсер етеді?» деген сауалға респонденттер былайша жауап береді: отбасылық тәрбие - 28%; дәстүр - 16%;

Интернет - 15%; достар - 12%; кітап, газет, журнал - 11%; дін - 8%; ұжымдастар - 5%; туысқандар - 4%; сыныптастар - 1%. Нәтиже көрсетіп отырғандай, сауалнамаға жауап берушілер арасында дәстүрлі құндылықтарды қолдау байқалады. Қоғам мүшелері арасында тұлғаның құндылық бағдарына ең алдымен достар ықпал жасайтындығы байқалады. Кейінгі орындарда үлкен алшақтықпен ұжымдастар, туысқандар және сыныптастар. Оңтүстік өңір тұрғындары арасында кітап, газет, журналдарға қызығушылықтың жоғалмауы да қуантады. Тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуына әсер ететін инновациялық құндылықтар арасында Интернеттің үшінші болуы бұл бағыттың ықпалы да бар екендігін білдіреді. Интернет әсері өңірлер бойынша көрсеткіштері мынадай: Жетісу облысы - 18%; Алматы қаласы - 16%; Түркістан облысы - 15%; Қызылорда облысы - 14%; Алматы облысы - 13%; Жамбыл облысы - 12% және Шымкент қаласы - 12%.

«Қандай жағдайда өзіңізді еркін тұлға ретінде сезінесіз?» сауалына сұхбаткерлер төмендегідей жауап берді: саяхаттауда - 31%; ұжымда, корпоративтік кештерде - 16%; әлеуметтік желіде жазбалар қалдыру арқылы - 13%; мансаптық қызметтік өсуде - 13%; рулық қатынастарда - 11%; тойға барғанда - 9%; мессенджерлерде «мәртебе» (статус) салу арқылы - 7%. Біздің пікірімізше, саяхаттау, ұжымдағы корпоративтік кештер, әлеуметтік желіде жазбалар қалдыру, мессенджерлерде «мәртебе» (статус) салу инновациялық құндылықтар категориясына сәйкес келетін секілді. Сондықтан алынған нәтижелер негізінде тұлғаның өзін-өзі анықтауы барысындағы еркін тұлға ретіндегі сезім көбінесе инновациялық құндылықтар көмегімен жүзеге асады деуімізге негіз бар.

Сонымен қатар, «Ақпаратты көбінесе қай жерден аласыз?» сауалының жауабы негізінде респонденттер инновациялық технологияларға сүйенетіндігі байқалады: әлеуметтік желі - 27%; әлеуметтік желідегі ресми парақшалар - 18%; Интернет БАҚ-тың әлеуметтік желідегі парақшалары - 17%; Интернет БАҚ-тың веб-сайттары - 16%; теледидар - 9%; мемлекеттік органдардың ресми сайттары - 7%; газеттер - 4%; радио - 2%.

Сауалнама нәтижелері қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени контекстінде адамдардың құндылық бағдарларына және олардың өзін-өзі анықтауына әсер ететін факторлар туралы құнды ақпарат береді. Нәтижелер көрсетіп тұрғандай, дәстүрлі құндылықтар маңызды болып қала береді, бірақ инновациялық құндылықтар арасындағы цифрлық технологиялардың өсіп келе жатқан ықпалымен қатар өмір сүреді. Сондықтан дәстүрлі және инновациялық тәсілдер интеграциясы тұлғаның дамуы мен өзін-өзі анықтауы үшін теңгерімді құндылықтар жүйесіне ықпал ете алады.

Киберәлеуметтену кеңістігінің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалы

Шынайы адам әлемі мен виртуалды шындық арасындағы шекараларды бұлдырату келешекте цифрлық технологиялардың басым рөлін арттырады. Бұл өз кезегінде машиналардың «бүлік шығаруы» және адамның автоматтандырылған техникалық құрылғылардың жұмысына бағыну қаупін тудырады [7]. Ғалымдар пікірінше, ғылыми әдебиеттерде оптимистік тенденция сақталған. Оптимистік көзқарас адамзат үстемдігінің сақталуы және жаңа «цифрлық» құндылықтардың тек аспаптық рөліне сенімділікті білдіреді. Дегенмен, тек аспаптық рөлі мынадай қарама-қайшылықтар тудырады:

- мақсат қою тетіктеріне негізделген адам қызметінің дәстүрлі алгоритмдері мен саналы түрде қойылған мақсаттарға кезең-кезеңімен қол жеткізу;

- адамның соңғы оқиғалар мен құбылыстарды толық және мерзімінде түсінуге уақыты жоқ қазіргі әлемдегі өзгерістердің ауыспалы жылдамдығы арасындағы қайшылық.

Демек, адамзат маңызды шығармашылық компонентті белсендіруге мәжбүр, бірақ барлық цифрлық трансформациялар өздігінен әрекет ететінін түсінуіміз керек. Мұндай ахуалды еңсеру, сондай-ақ инновациялық құндылықтарға негізделген жаңа шындықты дәйекті, мақсатты және мағыналы мінез-құлықты қалпына келтіру дәстүрлі адами құндылықтарды сақтау және қорғау жөніндегі іс-шаралар арқылы қол жеткізуге болады деп ойлаймыз. Сондықтан авторлар қорытындысына сәйкес, цифрлық дәуірдегі адам әрекетінің алгоритмдері дәстүрлі құндылықтардың мазмұнын жаңа әлеуметтік шындыққа бейімдеуден және адам табиғатының маңызды аспектілеріне цифрлық ортаның теріс әсерінен өзіндік құндылық «иммунитетін» қалыптастырудан тұрады пікірімен келісеміз.

Қазіргі заманғы конституционализмнің екі негізгі моделі бар: 1) жеке тұлғаның «өзін-өзі анықтау» қағидасына негізделген өзімшіл индивидуализм (жеке бақытқа шектен тыс сену); 2) жеке тұлғаның «өзін-өзі ұстау» қағидасына негізделген бір пікірде болу альтруизмі (қоғамдық бақытқа сенімнің қауіптілігі). Біріншісі конституциялық «либертаризм» (құқықтар поляризациясы) қаупін тудырса, екіншісі конституциялық «патернализмге» (міндеттер поляризациясы) әкелуі ықтимал. Көпмәдениетті қоғам осы шектеулер арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдікті қажет етеді: «өзгелермен бақытты болу» қажетті утопиясынан шабыт алған мемлекеттен мемлекетке өзгеретін жетілмеген қоспа [8]. Айта кету қажет, киберәлеуметтену кеңістігі дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттесуін дамытатын серпінді процесс. Киберәлеуметтену поляризацияны

күшейте алады және ортақ бақыт туралы көзқарастарға сәйкес көпмәдениетпен қатар өмір сүруге ықпал жасайды. Осы тепе-теңдік қоғамның цифрлық тәжірибелері мен саясатын конституциялық келісім үшін қажетті құндылықтардың «идеалды емес қоспасын» қанағаттандыру үшін қажет секілді.

Киберәлеуметтену тұрғысында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси дамуын біркелкі процесс шарттарында қарастыру мүмкін емес екендігін айтқымыз келеді. Бұл процестердің күрделілігіне байланысты әлеуметтік-саяси дамуды көптеген факторлармен байланыстыруға болады. Біріншіден, жаһанданумен қатар әлемдік және аймақтық сипаттағы шарттар мен факторлар мынадай құбылыстарға ықпал жасады:

- КСРО ыдырағаннан кейінгі геосаяси процестер әлемнің биполярлық моделінің жойылуына әкелді. Көршілес және басқа державалық елдердің ұлттық мүдделерінің ықпал ету қауіпсіздігі еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту мақсатындағы күрделі көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуге әсер етті;

- жаһандық экономикалық жүйе трансформациясы әлемдік деңгейдегі тұрақсыздық пен белгісіздік дәрежесіне дейін өсті. Білім экономикасы қалыптасты, постиндустриалды және ақпараттық қоғамға көше бастады;

- саяси, экономикалық, мәдени, ғылым, білім және т.б. түрлі салалардағы интеграциялық процестер жүзеге аса бастады.

Екіншіден, қазақ қоғамының ерекше тарихи тәжірибесі мен ұлттық мәдениетін қамтитын әлеуметтік-саяси, мәдени өзгерістерінің тарихи алғышарттары қалыптасты. Дербестік пен ұжымшылдық арасындағы күрес жалғасы жаһандану шарттарында қазақ қоғамында да көрініс тапты. Әрбір қоғамда осы ұғымдар элементтері кездеседі және бір-біріне үстемдігі түрлі дәрежеде болады. Батыс ықпалымен мінез-құлықтың барлық түрлерінің индивидуалистік бағыттылығы либералды қоғамның құндылықтар жүйесі тірлендіруге мүмкіндік берді.

Дәстүрлі қоғамда адам және оның жақсылығы мен жамандығы туралы тұжырымдар ынтымақтастықпен негізделеді. Бірқатар елдердегі ынтымақтастықтың өзегін құрайтын алқалы мәжілістерде талданған шешімдер тек орындаумен шектеледі. Дәстүрлі қоғам құндылықтарында өмір құбылыстары, қоғамдық қатынастар мен институттар әдет-ғұрыптық мәнмен бағаланады. Тек діни ұстанымдар ықпалы ғана емес, рационалдылықты үйлесімділікпен пайдалануға мән беріледі. Тұлға беделі дәстүрлі қоғамда негізгі саяси құндылықтардың бірі ретінде ерекшеленеді.

Расында да дәстүрлі құндылықтарды өзге өркениет нормаларына мәжбүрлеп бейімдеу қоғамды өзгертуші сипатты иеленеді. Бұл әр елдің саяси дамуын анықтайтын нышандардың жойылуымен байланысты болуы ықтимал. Ұлттық саяси, мәдени-тарихи құндылықтар

мен дәстүрлердің жойылуы мемлекетті дағдарысқа ұшыратып, тіпті мемлекеттіліктен айырылып қалуы мүмкін. Демек мемлекет дамуындағы басты бағыттарды айқындау барысында дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара байланысын ескеру қажет деп ойлаймыз. Қазақстан жағдайында дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасында белгілі бір конфликттер бар деп айта алмаймыз.

Үшіншіден, қазіргі кезеңдегі әр мемлекет қоғамында қалыптасқан құндылық бағдарларының басымдықтарын сипаттайтын процестерді дәйектеу маңызды. Әлеуметтік тұрақсыздық шарттарында адамның өз өмірінде негізгі бағдар ретінде инновациялық құндылықтарға сүйенуі заңды. Инновациялық құндылықтар кеңістік байланыстарын жетілдіріп, қарым-қатынас көкжиегін кеңейтіп отыратындығы анық. Жаңа мақсаттар мен осы уақытқа дейін белгісіз міндеттерді шешу үшін қажетті шарттар қалыптасады. Қазіргі әлеуметтік тәжірибеде аталмыш шарттар көбінесе технократия және бұқаралық мәдениет өнімдерін кеңінен тұтынумен байланысты.

Инновациялық құндылықтар киберәлеуметтену кеңістігіндегі қоғамның өзін-өзі анықтауын тудыратыны анық. Оған тән ерекшеліктер қатарына құндылық басымдықтарының өзгерісін атауымызға болады. Эволюциялық дамудың осы кезеңіндегі өзгерістердің бағыты, сипаты мен қарқыны инновациялық құндылықтар динамикасымен байланысты. Инновациялық құндылықтар үстемдігі әсерінен қоғамды өзгертетін нәтижелер халықтың іс-әрекетінің мақсаттарын анықтайды. Демек, инновациялық құндылықтар халықтың өмір-салтының үйреншікті дағдыларына терең сілкініс тудырады. Бұл сілкініс әсіресе елдегі қарттар тобының санасында әлеуметтік түсініксіздік қалыптастырып, үрей, қорқыныш пен үмітсіздік сезімін тудырады. Сондықтан әр елдің билігі қоғамның рухани құлдырауы, әлеуметтік ыдырауы және азғындалуы туындауы мүмкін қауіптеріне үнемі назар аударып отыруы тиіс. Еліміздің мемлекеттік идеологиясы дәстүрлі ұлттық құндылықтар, бірлік пен келісімді сақтау мен нығайтуға негізделген. Саяси реформаларды жүзеге асыру, әлеуметтік-мәдени дамудың басым бағыттарын айқындау жалғасын тауып отыр.

Жалпы кез келген елдегі түбегейлі өзгерістер қоғам үшін шешуші рөл атқарады. Түбегейлі өзгерістер бүгінгі күннің шынайылығы және әлеуметтік топтар мүдделерімен ұштасып қана қоймай, әр елдің әлеуметтік-саяси ерекшеліктерін құрайтын саяси шешім қабылдаудың дәстүрлі әдістерін белгілейді. Бұл тұста әр елдің негізгі міндеттерінің бірі азаматтық қоғамды қалыптастыру болып табылады. Азаматтық қоғам мемлекет қызметінен тыс жүзеге асырылғанымен, биліктің саяси-экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, мәдени және т.б. қоғамдық мүдделер арасындағы қарым-қатынасына дәнекерлік

жасайтын өзара қатынастар саласы. Біздің ойымызша, азаматтық қоғамның инновациялық негізі нарықпен реттелетін құндылықтар саналады.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар азаматтық қоғам институттарына әсер етеді. Инновациялық құндылықтар нәтижесінде туындаған әлеуметтік-саяси өзгерістер қазіргі қоғамның ақпараттық кеңістігіндегі коммуникация қарқындылығын арттырып отыр. Сондықтан қоғамдық қатынастардағы өзгерістер әрбір азаматтың әлеуметтік трансформация процесінің белсенді қатысушысы болуына мүмкіндік береді. Инновациялық құндылықтар ықпалынан туындаған әлеуметтік институттар динамикасы киберкеңістік жүйесінің ілгерілеуін көрсетіп отыр. Азаматтардың іс-әрекеті мен ойларын мемлекет тарапынан бақылауда ұстау арқылы инновациялық құндылықтарды дамыту мүмкін емес.

Өзгерістер тұрақты түрде жүретін қоғамда құндылық үйлесімсіздігі болуы ықтимал. Демократиялық дәстүрлер мен жаңа мәдениет қатар өмір сүретін қоғамда бейберекет әлеуметтік кеңістік қалыптаспауы үшін дәстүрлі және инновациялық құндылықтар маңызды рөл атқарады. Біздің түсінігіміз бойынша, дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қоғамның санасынан бастау алады. Қоғам әлеуметтену қызметін ойдағыдай орындай алған жағдайда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы өзара байланыстар сәтті жүзеге асады. Қоғам келешегіне кедергілер келтірмеу үшін саяси, әлеуметтік-экономикалық даму шарттарында экономикалық, мәдени және әлеуметтік тәжірибеге мән берілуі қажет. Жаңа саяси, әлеуметтік-экономикалық шарттарға бейімделу дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне себеп болады. Нәтижесінде дәстүрлі құндылықтардың жаңа стандарттары қоғамдық сананы жоғары сатыға көтеруге, нарықтық қатынастар мәжбүрлеген дәстүрлі және инновациялық көзқарастарды қалыптастыру күшейеді.

Заманауи адамзат қоғамының дамуындағы жаңа әлеуметтік қатынастардың орнығуы көптеген мәселелермен астасып жатыр. Мәселелер ішінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арқылы ұлттық мінездің қалыптасу процесі елеулі орын алады. Қоғамда жүргізіліп жатқан әр реформаның табыстылығы азаматтардың осы өзгерістерді қабылдауымен байланысты деп ойлаймыз. Әсіресе дәстүрлі құндылықтар басым қоғамда өзгерістер айқын байқалады.

Өзін-өзі анықтау құқығы екі бөлек өлшемдерден тұрады: «ішкі өзін-өзі анықтау» құқығы (халықтардың мемлекет ішіндегі демократиялық үкіметті таңдау еркіндігі) және «сыртқы өзін-өзі анықтау» (мемлекеттің «сыртқы өзін-өзі анықтау еркіндігі») сипаты. Дегенмен, бұл дихотомия ерқашан өзін-өзі анықтау қағидасымен байланысты күрделілікті, өтімділікті және белгісіздікті бағалауға көмектеспейді. Мәселе бұл дихотомиядан бас тарту

емес [9]. Осы пікірге сәйкес, қазіргі ахуалда барлық қоғамның ұжымдық ділі, тұлғаның өзін-өзі анықтауы киберәлеуметтену кеңістігінде қалыптасып жатқанына дау келтіре алмаймыз. Барлық қатынастар электронды форматқа көшіп болды десек те болады. Дәстүрлі мәдениет үстемдігі аз қоғамда азаматтар өзге құндылықтармен бетпе-бет келеді және осы көрсеткіштерді қабылдауға мәжбүр болады. Қоғамдық-саяси қатынастар мазмұнын өзгертіп отырған жаһандану процесі кез келген қоғамның құндылықтар жүйесіне басқа мәдениеттердің табысты және негативті бастауларын енгізеді. Бұл бастаулардың қоғам өмірі кеңістігіне айналымы және қарама-қайшылықты ықпалы қауіп тудырады. Қазіргі таңда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар тоғысқан батыстық құндылықтар басымдылығы байқалады. Бұл тұста қоғамның әлеуметтік институттарын инновациялық үлгіде ілгерілету мен жүзеге асырудың рөлі күрт артқанын байқау қиын емес. Оның үстіне инновациялық құндылықтардың маңызды қырларын айқындау мәселенің мәні мен мазмұнын дәйектейді.

Киберәлеуметтену кеңістігінің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалын

Кесте 1. Респонденттердің құндылықтар өзгерістерін бағалауы (респонденттер пайызы: N = 597)

Өзгерістер	Өзгерген жоқ	Нашарлап кетті	Жаксы жакка өзгерді	Жауап беруге киналамын
Қоғамның рухани жағдайы	24%	29%	41%	6%
Қоғамның рухани жаңғыруы	30%	19%	43%	8%
Халықтың мәдени әлеуеті	27%	26%	41%	6%
Халықтың діни әлеуеті	20%	27%	43%	10%
Халықтың салт-дәстүрлерді сақтауы	26%	30%	39%	5%
Халықтың интеллектуалдық әлеуеті	26%	19%	49%	6%
Халықтың қаржылық сауаты	25%	22%	48%	5%
Қоғамның даму бағдарларын айқын көру	27%	20%	41%	12%
Қоғам мүшелерінің саяси құндылығы	28%	25%	34%	13%
Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету	26%	30%	35%	9%

Дереккөз: авторлар құрастырды

«Қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін негізгі факторлар?» сауалына респонденттердің берілген жауаптары бұл өзгерістерді дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қайсысы көбірек ықпал жасайтындығын дәйектейді: жаһандану: түрлі мәдениеттер мен көзқарастармен танысу, жаңа құндылықтар мен тәжірибелерді қабылдау - 24%; технологиялар және БАҚ: Интернет, әлеуметтік медиа, медиа-платформалар, инновациялық идеялар - 24%; білім және зияткерлік дискурс: сыни тұрғыдан ойлау, жаңа идеяларды зерттеу - 20%; әлеуметтік қозғалыстар және белсенділік: бұл азаматтық құқықтар, гендерлік теңдік, экологиялық тұрақтылыққа бет бұру - 12%; демографиялық өзгерістер: ұрпақ ауысуы, иммиграция және

анықтау мақсатында жасалған сауалнамаға қатысты респонденттер көзқарастарына тоқталайық. Респонденттер дәстүрлі құндылықтарға мына құбылыстарды жатқызады: салт-дәстүр (21%); үлкенді сыйлау, құрметтеу (17%); ұлттық тәрбие (16%); отбасылық ұстаным (14%); ана тілінде сөйлеу (13%); нанымдар мен әдет-ғұрыптар (10%); ұлттық киім (5%); қоғамдық нормаларға сәйкестік (4%). Сәйкесінше респонденттер мына құбылыстарды инновациялық құндылықтар ретінде сипаттайды: жаңа өзгерістер, жаңа идея (22%); ғылыми прогресс, технологиялық жетістіктер (20%); жеке еркіндік, бірегейлік (15%); цифрлық сауаттылық (9%); цифрландыру (8%); креативтілік (7%), жаһандық хабардарлық (6%); әлеуметтік желілер арқылы ақпараттар алу және алмасу (5%); экологиялық тепе-теңдік (4%); қолма-қол ақшасыз төлемнің дамуы (онлайн-сауда) (4%).

«Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі құндылықтар өзгерістерін қалай бағалайсыз?» сауалына респонденттер берген жауаптар киберәлеуметтену кеңістігінің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалын анықтауда өз көмегін береді (кесте 1).

урбанизация, демографиялық өзгерістер - 10%; тарихи және саяси контекст: тарихи оқиғалар, саяси қозғалыстар және үкіметтік саясат - 9%. Респонденттер жауаптары қоғамдағы әсер ету дәрежесі әртүрлі дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзгеруіне әсер ететін негізгі факторларды көрсетеді. Бұл жауаптар жаһандану мен технология ең ықпалды қозғаушы күшке айналатын факторлардың күрделі өзара әрекеттесуін танытады және интеллектуалды қатысу, белсенділік, демография мен саяси контексттің мағынасы бар екендігін білдіреді.

Деректер дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы өзара әрекеттестік жаһандану, технологиялық прогресс, зияткерлік белсенділік және демографиялық үрдістердің үйлесімі арқылы қалыптасатынын

көрсетеді. Киберәлеуметтену құндылықтардың күрделі эволюциясын жеңілдетеді, өткен мен қазіргі көзқарастар арасындағы көпір қызметін атқарады. Аталмыш өзара әрекеттестік әлеуметтік нормалардағы өзгерістерді тиімді басқару үшін осы факторларды түсінудің маңыздылығын айқындайды.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі және инновациялық құндылықтар түрлі факторлар әсерінен ұзақ уақыт бойы қалыптасуы ықтимал. Мәселен, елдегі саяси идеология және оны насихаттау, діни ахуал, білім беру мен тәрбиелеу процесі, қоғамдық пікір қысымы секілді т.б. процестер дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға қатар ықпал жасайды. Өйткені, әр халықтың мәдени дәстүрі, өмір-салты мен дүниетанымына байланысты дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қалыптасу процесі өз ерекшеліктеріне сәйкес жүреді.

Қорытынды

Халықтың әл-ауқаты қоғамдық санадан бастау алатындығы анық. Қоғамдық сана құрылымы дәстүрлер мен құндылықтарды құрайтын кезеңдік және әлеуметтік сезімталдық пен үрейді туындататын жылжымалы буындардан тұрады. Бұл буындарға өзгермелі қоғамның осы кездегі ахуалы, тұжырымдары мен көңіл-күйіне жауап беретін азаматтардың саяси үміттері мен өз артықшылықтарын бағамдау, нақтылық, тәртіптілік, үйлесімділік пен тұрақтылықты қамтитын құндылықтар енеді. Өмір сүру шарттары, қоғамның әл-ауқаты халықтың дәстүрлі және инновациялық құндылықтарынан да көрінеді деп ойлаймыз.

Цифрландыру мен киберәлеуметтену арқылы қалыптасқан дәстүрлі мәдени нормалар мен инновациялық құндылықтар арасында жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауындағы күрделі құбылыстар бар екендігі байқалады. Заманауи қоғамдағы өзін-өзі анықтауға түрлі көзқарастар күштерінің өзара әрекеттестігі терең әсер етеді және киберәлеуметтену дербес көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін қызмет атқарады. Дәстүрлі құндылықтар тұлғалық және әлеуметтік бірегейліктің тұрақты негізін қамтамасыз еткенімен, цифрлық технологияларға мүмкіндік беретін инновациялық құндылықтар бейімделу, креативтілік және әлеуметтік өзара әрекеттесудің жаңа формаларын жүйелейді. Дегенмен, осы екі жақтылық құндылықтар конфликтісі мен бірегейлік дағдарыстары секілді қиындықтар туғызуы мүмкін. Туындаған мәселелерді шешу үшін қоғам мүшелері сыни ойлау мен тұрақтылыққа негізделген дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды біріктіретін рефлексивті көзқарасты дамыту керек. Сондықтан цифрлық ортаның өзін-өзі анықтауға ықпалы және азаматтардың дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре алатын тетіктерін зерттеуді жалғастыру қажет деп ойлаймыз. Өйткені, ғылыми зерттеулерден туындайтын жаңа бастамалар жылдам

технологиялық және мәдени өзгерістер дәуіріндегі ұйымшыл, әрі жаңашылдыққа бейімделген қоғам құру үшін маңызды.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды біріктіріп отырған еліміз Батыс пен Шығыс құндылықтарын да өзара байланыстырып отыр. Еліміздегі қоғамдық байланыстар 2 бағытта өзара әрекеттеседі: (1) қоғамдық және қауымдық құндылықтар үстемдігіндегі көп құрылымдылық; (2) инновациялық қағидалар басымдығын қамтамасыз ететін қарқындылық. Сондықтан еліміздегі постиндустриалды құндылықтарды дамытудың басымдықтары міндетті түрде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар, саяси тұрақтылық пен дамудың үйлесімді жарасымдылығымен байланысты деп ойлаймыз. Бұл тұста адам әлеуетін дамытуда әлеуметтік және адами капиталды пайдаланудың тиімділігін арттыру ерекше рөл атқаратындығын айтқымыз келеді. Осы бағытта заманауи қоғамдағы киберәлеуметтену нәтижесінде қалыптасатын дәстүрлі құндылықтарды қарқынды дамып келе жатқан инновациялық құндылықтармен үйлестіруде азаматтар көптеген күрделіліктермен кездесетіні анық. Кездесуі ықтимал күрделіліктер өзін-өзі анықтауға теңдестірілген көзқарастар қажеттілігін туындатып, азаматтар күрделі әлеуметтік-саяси шарттарда дербестігін қалыптастыруға сыни түрде қарауы тиіс.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19577138.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Inglehart R., Baker W.E. Modernization, cultural change, and the persistence of traditional values // *American Sociological Review*. - 2000. - No. 65 (1). - P. 19-51.
- 2 Nassimov M., Sabitov A. Traditional values: views of scientists in Kazakhstan // *Sociosphere*. - 2024. - No. 1. - P. 53-56.
- 3 Stepanova E. The spiritual and moral foundation of civilization in every nation for thousands of years: The traditional values discourse in Russia // *Politics, Religion and Ideology*. - 2015. - No. 16 (2-3). - P. 119-136.
- 4 Windass G.S. Power politics and ideals the principle of self-determination // *International Relations*. - 1968. - No. 3 (3). - P. 177-186.
- 5 Neacsu B.-G. A reassessment of the principle of self-determination in the current international legal framework // *Revista Romana de Drept International*. - 2022. - No. 27. - P. 56-69.
- 6 Berk N., Madmarov N. Traditional values and institutional quality // *Spatial Economics*. - 2021. - No. 17 (3). - P. 38-58.
- 7 Rybakov O.J., Gavrilova J.A., Kalashnikova N.A., Falaleeva I.N. Algorithms of human activity in the digital age: The problem of preserving traditional values // *Lecture Notes in Networks and Systems*. - 2021. - No. 155. - P. 558-566.

8 Spadaro A. Las dos caras del constitucionalismo frente al principio de auto-determinación // Revista de Derecho Político. – 2015. - No. 92. – P. 27–71.

9 Senaratne K. Beyond the internal/external dichotomy of the principle of self-determination // Hong Kong Law Journal. – 2013. - No. 43. – P. 463–496.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Мұрат Өрленбайұлы Насимов* қауымдастырылған профессор, саяси ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, email: nasimov_m@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8209-8707
- Алмас Ғазизұлы Сабитов* аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан, email: almas.sabitov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-5423-9699
- Мурат Орленбаевич Насимов* ассоциированный профессор, кандидат политических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, email: nasimov_m@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8209-8707
- Алмас Газизович Сабитов* старший преподаватель, магистр гуманитарных наук, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан, email: almas.sabitov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-5423-9699
- Murat Nassimov* Associate Professor, Candidate of Political Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, email: nasimov_m@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8209-8707
- Almas Sabitov* Senior Lecturer, Master of Humanities, International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan, email: almas.sabitov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-5423-9699

